

Заңды тұлғаларды қала салушыларға жатқызу және олардың тізбесін жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 18 наурыздағы N 325 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 1 қыркүйектегі № 727 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2015 № 727 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 100-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Заңды тұлғаларды қала салушыларға жатқызу және олардың тізбесін жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі қала салушы заңды тұлғалардың тізбесін жүргізу жөніндегі мемлекеттік уәкілетті орган болып белгіленсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.26. N 1184 қаулысымен

3. Мемлекеттік уәкілетті орган 30 (отыз) күннің ішінде Қазақстан Республикасының қала салушы заңды тұлғаларының тізбесін бекітсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 18 наурыздағы
N 325 қаулысымен
бекітілген

Заңды тұлғаларды қала салушыларға жатқызу және олардың тізбесін жүргізу ережесі

1. Заңды тұлғалар қала салушылардың тізбесіне (бұдан әрі - Тізбе) мынадай өлшемдердің бірі бойынша:

1) заңды тұлға өндірісінің көлемі өндірістің жалпы қалалық көлемінің 14 пайызынан асқанда;

2) заңды тұлғада жұмыс істейтіндердің саны қаланың еңбекке қабілетті халқы

санының 14 пайызынан асқанда;

3) заңды тұлғада істейтіндердің саны қаланың еңбекке қабілетті халқы санының 10 пайызынан асқанда және өндірістің жалпы қалалық көлемінде заңды тұлғаның үлесі 10 пайыздан асқанда енгізіледі.

2. Облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімияттары (бұдан әрі - Әкімияттар) заңды тұлғаның аймақ үшін әлеуметтік-экономикалық мәнін негізге ала отырып, мемлекеттік уәкілетті органға осы Ереженің 1-тармағында көзделген өлшемдерге сәйкес оны Тізбеге енгізу жөніндегі ұсыныстарды және ол туралы ақпаратты ұсынады.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі және Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі мемлекеттік уәкілетті органның сұратуы бойынша олардың ресми деректерге сәйкестігінің мәніне Әкімияттардың ұсыныстары мен ақпаратына талдау жүргізеді.

4. Мемлекеттік уәкілетті орган ресми деректерді ескере отырып, заңды тұлғаны Тізбеге енгізу туралы шешім нәтижелері бойынша Әкімияттардың ұсыныстарына әлеуметтік-экономикалық сараптама жүргізеді. Тізбе 30 (отыз) күннің ішінде жариялануы тиіс.

5. Мемлекеттік уәкілетті орган бір жылдың ішінде Тізбенің мониторингін жүргізеді және қала салатын заңды тұлға осы Ереженің 1-тармағында көзделген өлшемдерге сәйкес келмеген кезде оны Тізбеден шығарады.

6. Тізбеге өзгерістер енгізгенге дейін кемінде үш ай бұрын мемлекеттік уәкілетті орган Тізбеге енгізілетін өзгерістер туралы тиісті Әкімияттарды хабардар етеді.

7. Тізбеге өзгерістер ағымдағы жылғы 1 наурызға дейін жылына бір рет енгізіледі.